

Қазақ тіліндегі толымсыз сөйлемдердің атаулы сөйлем және парцелляцияланған сөйлемдермен арақатынасы

Төребекова Қ.

Сөйлеуде синтаксистік бірліктердің мүмкіндігінше жинақы әрі үнемді болып келуі тілдік қатысымды жеңілдетеді. Кез келген синтаксистік құрылым коммуникативтік талапты өтеуге бейімделіп түзілетіндіктен тілде коммуникация талабынан шет қалатын құрылым болмайды десек артық айтқандық емес. Коммуникацияда *ең басты талаптардың* бірі ретінде сөйлемнің айтылуға ықшамды, құрылымы жағынан үнемді болып келуі басты назарда болатындығын айтып өту керек. Сондай-ақ, *екінші талап* ретінде ойдың эмоциялы шығуы десек, бұл барлық жағдайда шарт бола бермейді. *Үшінші талап* – сөйлемнің актуалды құрылуы. *Төртінші талап* – ойдың мазмұны мен интонациясы жағынан тұтастықта өрілуі. Осы коммуникативтік жағдайлар бәрі бірігіп келіп, синтаксистік құрылымдардың, оның ішінде сөйлемнің қалыптасқан нормадан тыс, басқаша сипат алып құрылуына әкеп соғады. Сөйтіп, тілде қалыптасқан норма бойынша талдауға келе бермейтін, үнемділік пен актуалды мүшелену түрліше көрініс беретін сөйлем түрлері пайда болады. Осындай сөйлемдердің қатарына *толымсыз сөйлемдер* мен *парцелляцияланған сөйлемдер, атаулы сөйлемдер* жатады. Біз бұл мақалада сөйлемнің осы үш түрінің өзіндік ерекшеліктерін қарастыра отырып, олардың өзара арақатынасына тоқталамыз. Ең алдымен, парцелляцияланған сөйлем деген не? және оның өзіндік ерекшеліктері қандай? деген мәселені қарастырамыз.

Парцелляция [латын сөзі – *partialis* – жекелеген] шет тілдер сөздігінде «тұрпаты жағынан жеке сөйлем деп тануға болатын сөйлемнің интонация арқылы өте қысқа бөліктерге бөлінетін жазба әдеби тілдің көркем синтаксистік тәсілі» деп анықталса [1, 673], лингвистикалық сөздіктегі түсіндірмесі де осы негізде болып келеді. Онда былай деп жазылған: «парцелляция – тұтас синтаксистік құрылым болып табылатын сөйлемнің бірнеше коммуникативті бірлік фразаларға бөлінген сөйлеудегі көрінісі» [2, 163]. Көріп отырғанымыздай, парцелляция сөзінің негізгі беретін ұғымы – бөлшектелген сөйлем немесе сөйлемнің сегменттелген бір бөлігі екендігі. Осымен байланысты парцелляция термині алғашқы кезде лингвистикада көркемдік тәсіл ретінде қаралса, кейін арнайы сөйлеудегі коммуникативтік бірлік ретінде қарала бастады.

Тіл ғылымында парцелляция құбылысына қатысты Ю.В.Ванников, А.П.Сковородников, Ф.Сафиуллина, А.Ақыжанова, М.Жолшаева еңбектері мен мақалалары бар. Олар сөйлеудегі түрлі себептермен бөлшектеліп, әрқайсысы өз алдына жеке фраза бола тұра, бір негізгі немесе басты сөйлемге бағынатын сөйлемдерді әр қырынан қарайды. Мәселен, Ю.В.Ванников бұл құбылысқа ұшыраған тілдік құрылымдардың теориялық негізін қарастырып, мұндай сипаттағы

сөйлемдерді сөйлеу категориясы деп таниды және олар сөйлеудің коммуникативтік бірлігі болып табылады деп санайды [3, 10]. Қазақ тілі материалдары негізінде парцелляцияланған сөйлемдер бір ғана кандидаттық диссертацияға негіз болған. Ол – А.Ақыжанованың еңбегі. Онда жалпы осы құбылыстың қазақ тіліндегі көрінісі, бөлшектелген сөйлемдердің құрылымы мен негізгі сөйлемге қатысы, интонациясы секілді жалпы мәселелер қарастырылған [4]. Ал М.Жолшаева мақаласында бөлшектелген сөйлемдер арқылы аспектуалды семантиканың берілу жолдары талданған [5]. Біз жоғарыда атап өткендей, парцелляцияланған сөйлемдердің толымсыз сөйлемдермен арақатынасы деген мәселе бұрын арнайы назарға алынбаған.

Парцелляцияланған сөйлемдер құрылымдық жағынан толымсыз сөйлемдер болып келеді. Мысалы: *Екі күннен соң Берлинге ұшамын. Биологтардың халықаралық симпозиумына* (Д.Исабеков). Мұнда бөлшектелген сөйлемнің екінші бөлігі «*Биологтардың халықаралық симпозиумына*» фразасы парцеллят болып табылады да, ол негізгі бөлікті толықтырушы қызмет атқарады. Бірақ екі бөлік өзара мағыналық және интонациялық тұтастықта айтылады. Бұл жағынан келгенде, яғни құрылымдық жағынан барлық ойға қатысты мүшенің айтылмауы бұл синтаксистік бірлікті толымсыз сөйлемдермен жақындастырады. Сөйлемнің толыққанды ақпаратты жеткізуі парцелляцияланған сөйлемдерді тұтастықта алып қарағанда ғана жүзеге асады. Әр парцеллят немесе сөйлемнің сегменттелген фразалық бөлігі жеке мәнмәтіннен (контекст) тыс толыққанды ақпаратты бере алмайды, ой түсініксіз болып шығады.

Лингвистикада парцелляцияланған сөйлемдерге анықтама берушілердің пікірін жинақтай келгенде, оның екіге жарылатындығын байқаймыз. Бірі – парцелляцияланған сөйлемдерді мағынасы басқа сөйлем негізінде айқындалатын өзіндік мағына дербестігі жоқ толымсыз сөйлем ретінде тану; екіншісі – тұтас сөйленімнің бір бөлігі. Біздіңше, парцелляцияланған сөйлемге берілген екі анықтамада оған екі түрлі аспектіден келген: алғашқыда парцелляцияланған сөйлемдерді статикалық тұрғыдан қараса, ал кейінгіде динамикалық жағы негізге алынған. Екі анықтамадағы ортақ идея – парцелляттың сөйлемнің бөлігі екендігі. Мұндай сөйлем бөліктерін тілдік жүйеде және сөйлеу жүйесінде де қарастыруға болады. Біз парцелляцияланған сөйлемдерді сөйлеу бірлігі болып табылатын сөйленімнің үзiгi, бөлігі ретінде қараймыз.

Жинақтап айтқанда, парцелляцияланған сөйлемнің парцеллят бөлігі мен толымсыз сөйлемнің екеуі де мәнмәтінге тәуелді. Мысалы: *Тұрғат қыздың бұл мінезін бөтен үйдің шаңырағынан қысылып отырғанға жорып, оның кесесін өзі алды да, шай құйып отырған Мәликеге ұсынды.*

- *Жеңгей, аса ыстық болмасын. Сүтін молдау құйыңыз. Бағила ыстық атаулыны ұнатпайды, - деді ол соңғы сөзін Бағилаға бағыштап, мейілінше жұмсақ, еркелеткен үнмен.*

«Өзімшілін қарай гөр, - деді Базила іштей ызаланып. – Менің нені ұнатып, нені ұнатпайтынымды қайдан біледі?»

Жоқ, ыстығынан құйыңыз, - деді ол кенет Мәликеге.

Тұрғат сасқан жоқ. Бұл жолы да Базиланың қасиетін жақсы білетін сыралғы адам боп шыға келді (Д.Исабеков). Осындағы өзара диалогқа құрылған сөйлемдердегі толымсыздық ретінде мынаны көрсетуге болады: «Жоқ, ыстығынан құйыңыз» деген сөйленімде *шайдың* деген анықтауыш жетіспейді. Бірақ бұл олқылық болып табылмайды. Сөйленімнің құрылымдық жағынан толымсыздығы оның мазмұнына айтарлықтай әсер етпейді. Өйткені сөйленім мазмұны мәнмәтін арқылы толыққанды болып шығады. Оны алдыңғы сөйленімдердегі «*кесені шай құйып отырған мәликеге ұсыну; ыстық әрі сүтін молдау құю*» секілді ақпараттар толықтырады.

Осы тұста мәнмәтінге тәуелді толымсыз сөйлем мен парцелляттарды салыстырып қарайтын болсақ, *біріншіден*, екі синтаксистік бірлік те құрылымдық жағынан толымсыз болып келеді. Бұл – сөйлем құрылымына қатысты грамматикалық толымсыздық. *Екіншіден*, ой мазмұнының толымсыздығына келер болсақ, толымсыз сөйлемдерде мазмұн біршама түсінікті болса, кейбір парцелляцияға ұшыраған сөйлемдерде ой мүлде түсініксіз болып шығады. Мысалы: *Өзі арлы адам, бергеніңді алмайды, ренжиді. Содан соң сыйлық деп, немесе, балалардың туған күні, иә болмаса әйтеуір бір қуанышты күнді ойлап тауып оған ет, май, қант апарамын. Ол сонда ғана алады* (Д.Исабеков). Осы үзіндідегі соңғы «*Ол сонда ғана алады*» деген сөйлем толымсыз болып табылады. Мұнда *оның нені алатындығы* айтылмайды. Яғни – толықтауышсыз толымсыз сөйлем. Бірақ сөйлемде қандай да бір мазмұнда ақпарат бар. Ал енді парцелляцияланған сөйлемге келсек: *Басы зеңгіп ауырып, миы шытынап тұр. Ұйқыдан* (М.Мағауин); *Нағиманың атасы да өлген. Баяғыда. Соғыста* (М.Мағауин) деген сөйлеу бірліктерінің қосалқы бөліктері «*Ұйқыдан*», «*Баяғыда*», «*Соғыста*» деген фразалар өз алдына қандай да ақпаратты жеткізіп, коммуникативтік қажеттілікті өздігінен өтей алмайды. Бұдан шығатын **қорытынды:** сөйлемнің толымсыздығы парцелляцияланған сөйлемдер арқылы да көрінеді. Бірақ барлық парцелляцияға ұшыраған кез келген сөйлем құрылымдық жағынан толымсыз болғанымен, мазмұндық жағынан ұғынықты бола бермейді.

Енді **атаулы сөйлемге** келетін болсақ, **атаулы сөйлем** зат пен құбылыстың атауы ретінде белгілі бір коммуникативті мақсаттан туындайды да, осымен байланысты жұмсалады. Мысалы: *Қыстың қақаған шағы. Желсіз тымырсық аяз* (Д.Исабеков) деген сөйлем айналаны суреттеу және ойды әсерлі жеткізу мақсатын көздеген атаулы сөйлемдер. Немесе: *Қарлы дала. Жалғыз аяқ соқпақ* (Д.Исабеков) дегенде де сөз тіркестерінің жеке-жеке сөйлем ретінде жұмсалуына, оларды тиянақты синтаксистік форма етіп, сөйлемге тән қасиет беріп тұрған – интонация. Келтірілген сөйлемдерге жеке-жеке предикативті мән

иеленген синтаксистік бірлік ретінде қарай аламыз. Егер сөйлем деп танудың басты шарты предикативтілік десек, онда атаулы сөйлем мен толымсыз сөйлемдерге бұл шарт сай келеді. Ал парцелляцияланған сөйлемдерді *толымсыз сөйлем* деп те тануға келмейді. Әдетте, толымсыз сөйлемдерде ойға қатысты мүшелер түгел айтылмағанымен, олар белгілі бір контексте тұрып, жалпы сөйлемге тән коммуникативті қызметті өтей алады. Олардағы толымсыздық тек құрылымдық жағынан болмасы, мазмұны жағынан толымды саналады. Себебі, оның мазмұнының көп бөлігі алдыңғы не кейінгі сөйлемнің мазмұнына немесе сөйлеу жағдаятына сүйенеді. Сөйтіп, сөйлемдердің арасында түрлі мезгілдік, түсіндірмелі, себеп-салдарлық, жалпы-жекелік секілді синтаксистік қатынастар орнайды. Толымсыз сөйлемдерге предикативті интонация тән болып, олар предикативтілік мән иелене алады. *Атаулы сөйлемдерге* де предикативтілік тән болып келеді де, бұл жағынан осы сөйлемнің екі түрі ұқсас болып келеді. Ал *толымсыз сөйлем* мен *атаулы сөйлем* арасындағы айырмашылық алғашқысының құрылымдық жағынан талдауға түспейтіндігі. Бірақ бұл тұста атаулы сөйлемдерге қатысты ғалым Ж.Жақыповтың пікірі басқаша. Ғалым атаулы сөйлемдерде предикативтілікті көрсететін белгі ретінде интонацияның айтылуы оны сөйлем деп тануға жеткіліксіз деген ой айтады [6, 50 б.]. Әрине, біз аталған сөйлем табиғатына қатысты мәселелерді осы мақала көлемінде қарастырмаймыз. Ол – өз алдына мәселе.

Сонымен, қорыта айтқанда, парцелляцияланған сөйлем, толымсыз сөйлем және атаулы сөйлемдер құрылымы мен қызметі бойынша әрқайсысы бөлек құбылыс болып табылады. Бірақ ойға қатысты алғанда сөйлемнің сөйлеуде дербес фразаларға бөлінуі, сипаттамалы түрде атаулы сөйлем түрінде берілуі немесе ойға қатысты кейбір мүшелерінің түсіріліп айтылуы белгілі бір мақсаттан туындағандықтан, мақсатты түрде жүзеге асады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Новый словарь иностранных слов. Минск, 2005.
- 2.Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990.
- 3.Ванников Ю.В. Синтаксические особенности русской речи (явление парцелляции). Москва, 1969.
4. Ақыжанова А.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі парцелляция құбылысы: филолог. ғылым. канд. ... автореф. Алматы, 1999. – 25 б.
5. Жолшаева М.С. Аспектуалды семантиканың парцелляцияланған сөйлемдер арқылы берілуі. «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы, 2009. – 160-164 бб.
6. Жақыпов Ж. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі: филолог. ғылым. докторы. ... автореф. Алматы, 1999. – 62 б.

Summary

Article incomplete sentences are treated as units of speech and define their communicative-functional features.

Түрік бірлігінің негізі: «тілде, ойда, істе - бірлікте».

И. Гаспринский
